



«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ  
Директорлар Кеңесінің шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

хаттама № 53  
«11» наурыз 2022 г.

«Freedom Finance Insurance» Сактандыру компаниясы Акционерлік қоғамының  
Мүлкіті және/немесе коршілер алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті еркін  
кешенді сактандыру Ережелері  
«Freedom Comfort»

№ \_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_ ж  
Директорлар Кеңесінің шешімімен  
куші жойылған деп танылған

## МАЗМУНЫ:

1. Жалпы ережелері .....	3
2. Сақтандыру субъекттері. Сақтандыру мәні .....	4
3. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы, түрі және төлеу тәртібі .....	4
4. Сақтандыру жағдайы. Сақтандыру объекті .....	4
5. Сақтандыру жағдайының ерекшеліктері және сақтандыруды шектеу .....	6
6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....	9
7. Сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға басталғанда, Тараптардың әрекеттері .....	11
8. Сақтандыру жағдайы басталғанын және нұқсан мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі .....	11
9. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі .....	12
10. Сақтандыру Шартын қолдану мерзімі және аясы (аумағы) .....	14
11. Сақтандыру төлемі және оны жүзеге асыру тәртібі .....	14
12. Сақтандыру шартын өзгерту және токтату ережелері .....	15
13. Қоссақтандыру .....	16
14. Сақтандыру шартын қолдану барысында сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдарлары .....	17
15. Суброгация .....	17
16. Форс мажор .....	17
17. Өзге шарттары .....	18

## 1. Жалпы ережелері

1.1. Мұлікті және/немесе көршілер алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті кешенді сақтандыру Ережелері «Freedom Comfort» (бұдан байlä – сақтандыру Ережелері) КР заңнамына сәйкес құрастырылған, және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ (бұдан байlä-Қоғам) мұлікті және/немесе көршілер алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті кешенді сақтандыру «Freedom Comfort» шарттарын (бұдан байlä- сақтандыру Шарты/Шарт) жасасу талаптарын және ережелерін белгілейді.

1.2. Осы сақтандыру Ережелерінде келесі үгымдар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан жеке немесе занды тұлға. Сақтанушы (жеке тұлға) бірмезгілде Сақтандырылған болып танылуы мүмкін; ;
- 2) **Сақтандырылған** – соган қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға ;
- 3) **Сақтандырушы** – «Freedom Finance Insurance» Сақтандыру компаниясы Акционерлік қоғамы, сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтанушыға немесе, сақтандыру Шарты соның пайдасына жасалған өзге тұлғага (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін сақтандыру Шартымен белгіленген сомасы (сақтандыру сомасы) шегінде төлеуге міндетті тұлға;
- 4) **Пайда алушы** – осы сақтандыру Ережелеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға:
  - а) мұлік сақтандырылған жағдайда – зан негізінде немесе басқа құқықтық акт немесе шарт бойынша, мұлікті сактап қалуға мүдделі тұлға;
  - б) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру кезінде – сақтандыру аумағындағы мұлікті пайдалану нәтижесінде мүлкіне зиян келтірілген үшінші тұлға;
- 5) **сақтандыру сыйлықақысы** - сақтандыру Шартымен белгіленген мөлшерде және тәртіпте Сақтанушыға, Сақтандырылғанға (Пайда алушыға) Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттемесін өзіне алғаны үшін, Сақтанушының соңғыға төлеуге міндетті сомасы ;
- 6) **сақтандыру сомасы** - сақтандыру объекті сақтандырылған ақшалай сомасы, және ол, сақтандыру жағдайы басталғанда, Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін құрайды случаға;
- 7) **сақтандыру төлемі** - сақтандыру жағдайы басталуы нәтижесінде келтірілген залалдарды өтөу бойынша, сақтандыру сомасы шегінде Сақтанушыға, Сақтандырылғанға (Пайда алушыға) Сақтандырушымен төленетін ақшалай сомасы. Төлем, қызмет көрсету бойынша нақты шығындар мөлшерінде Сақтандырушымен жасалады, бірақ, сақтандыру Шартымен белгіленген сақтандыру сомасынан асырмай;
- 8) **сақтандыру жағдайы** – ықтималдық және кездейсоқтық белгісі бар окиға, ол туындаған жағдайда, сақтандыру Шартымен сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделген; ;
- 9) **сақтандыру Шарты** – осыған сәйкес, бір тарап (Сақтанушы), сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (Сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру төлемін Сақтанушыға немесе, сақтандыру Шарты соның пайдасына жасалған өзге тұлғага (Пайда алушыға) шартпен белгіленген сомасы (сақтандыру сомасы) шегінде жүзеге асыруға міндеттенетін сақтандыру Шарты;
- 10) **Бас шарт** – жеке біртекті объекттерді ұқсас ережелер бойынша бірмезгілде сақтандыру кезінде, белгілі мерзім ішінде құрастырылады және сақтандыру Шартымен ресімделеді.;
- 11) **пәтер–көппәтерлі тұргын** ғимаратындағы жекешеленген, тұруға және пайдалануға тағайындалған үй-жайы;
- 12) **коттедж** — жеке кіші қабатты (әдетінде, екі қабатты) тұргын үй, тұруға және пайдалануға болатын іргелес шағын телімі бар тұргын үйі;
- 13) **ішкі өндөу–әртүрлі** еден, қабырға, төбе жабындылары, ішке салынған шкафтар, ас болмесінің ішке салынған жиһазы, антресольдар, гардероб жабдықтары, әшекейленген арақабыргалары (гипсокартон, әйнек, ағаш және т.б.), витраждар және өзге есік, терезелер (соның ішінде, рольставня, темір шарбактар және т.б.);
- 14) **Жылжымалы мұлік** – тоңазытқыш, мұздатқыш, шансорғыш, жылу беру аспаптары, кондиционер (сыртқы және ішкі блоктары), электр плиталары, микротолқынды пештер, ас үй комбайны, ыдыс жуу машиналары, кір жуу машиналары және кептіру яки үрлемелі шкафтар, теледидар, теледидарлық ойын қосымшалары, роутерлер, тігін және току машиналары, стационарлық дербес компьютерлері, музика аспаптары;

- 15) **Интернет-ресурс** – Интернеттің ақпараттық-коммуникациялық жүйесіндегі Сақтандырушының ресми сайты, келесі мекен-жайда орналасқан: [www.ffins.kz](http://www.ffins.kz).
- 16) **Серікtestің интернет-ресурсы** – тиісті келісім бойынша Сақтандырушының серікtesі болып табылатын ұйымның, Интернеттің ақпараттық-коммуникациялық жүйесіндегі ресми сайты.
- 17) **Электрондық сақтандыру шарты** - Бірыңғай сақтандыру мәліметтер базасы- (бұдан былай-ЕСБД) арқылы Өтініште берілген мәліметтерді, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесіндегі және оларға ведомствоның багынысты, ЕСБД ақпараттық жүйесімен біріктірілген ұйымдарындағы мәліметтерді салыстыру (верификациялау) әдістері арқылы мәліметтер базасын қалыптастыру және жүргізу бойынша ұйыммен берілген сақтандыру шартының бірегей нөмірі.
- 18) **Пролонгация** - Тараптардың өзара келісімі бойынша, сақтандыру шартын қолдану мерзімін кез келген уақытта ұзарту, оның қолдану мерзімі аяқталса да.
- 19) **Жазылым** – сақтандыру өнімінің ерекше ережелерін аталаған сервис ресімделген кезең ішінде пайдалану құқын беретін, Сақтанушыға Сақтандырушымен ұсынылатын қызмет түрі.
- 20) **Жеке кабинет** — Сақтандырушының интернет-ресурсындағы Сақтанушының дербес белімі, оған кіру рұқсаты тек Сақтанушыға берілген. Сақтанушы оған кез келген құрылғы арқылы, логин және пароль көмегімен кіре алады.

## 2. Сақтандыру субъекттері. Сақтандыру мәні

- 2.1. Егер сақтандыру Шартымен басқасы қарастырылмаган болса, Сақтанушы бірмезгілде Сақтандырылған болып табылады.
- 2.2. Сақтанушы сақтандыру Шартында Сақтандырылған ретінде баска тұлғаны белгілеуі мүмкін. Сақтандыру шарты бір Сақтандырылғанның (жеке) пайдасына, яки бірнеше Сақтандырылғандардың пайдасына жасалуы мүмкін.
- 2.3. Сақтанушы ретінде, әрекеттенуге қабілетті КР азаматтары, КР аумағында тұрақты мекендейтін шетел азаматтары, сондай-ақ, КР тұруға ыхтияр хаты бар тұлғалар мен кез келген ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалар болуы мүмкін.
- 2.4. Сақтандырылған ретінде, КР азаматтары (тек жеке тұлғалар) КР аумағында тұрақты мекендейтін шетел азаматтары, сондай-ақ, КР тұруға ыхтияр хаты бар тұлғалар болуы мүмкін.

### 2.5. Шарт мәні болып табылатыны:

- 2.5.1. **Секция – 1.** Сақтандыру Шартының мәні болып, мұлікті ерікті сақтандыру табылады (пәтер/коттедж/және (немесе)/жылжымалы мұліктің ішкі өндеуі).
- 2.5.2. **Секция – 2.** Сақтандыру Шартының мәні болып, үшінші тұлғалар (көршілер) алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру табылады.
- 2.6. Сақтанушы сақтандыру Шартында екеуін таңдауға құқылы, немесе, мұдделі секциясының бірін таңдауы мүмкін.

## 3. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы, түрі және толеу тәртібі

- 3.1. Сақтандыру сомасы болып, Сақтандырушының сақтандыру Шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау шегінде, сақтандыру Шартымен белгіленген ақшалай сомасы. Сақтандыру сомасы Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті қолемі болып табылады: қандай болмасын жағдайда, әр сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің (жауапкершіліктің шекті қолемі) сақтандыру Шартымен белгіленген сақтандыру сомасынан аспайды.
- 3.2. Сақтандыру сомасы Тараптардың келісіүі негізінде, Қоғаммен бекітілген сақтандыру бағдарламасына сәйкес белгіленеді.
- 3.3. Сақтандыру шарты бойынша толенуге тиесілі сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, таңдалған сақтандыру Бағдарламасына сәйкес есептеледі.
- 3.4. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушымен қолма-қол ақшалай немесе аударым арқылы біржолғы төлем ретінде толенуге тиіс, егер сақтандыру Шартымен басқасы кезделмеген болса.

## 4. Сақтандыру жағдайы. Сақтандыру объекті.

- 4.1. **Секция - 1:** Мұлікті сақтандыру, атап айтқанда, пәтер/коттедж/және (немесе)/жылжымалы мұліктің ішкі өндеуі.

Сақтандыру объекті болып, сақтандыру жағдайы нәтижесінде сақтандырылған мүліктің закымдануына, жойылуына және/немесе ысырап болынуна байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі табылады.

Сақтандыруға, Шартта белгіленген мекен-жайында орналасқан пәтер/коттеджд/және (немесе)/жылжымалы мүліктің ішкі өндеуінің элементтері қабылданады.

**4.2. Секция - 2:** Үшінші тұлғалар (көршілер) алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.

Сақтандыру объекті болып, Шартта белгіленген мекен-жайында орналасқан пәтер/коттеджді иелену, пайдалану және/немесе басқаруға байланысты мүлікке (пәтер/коттедждің ішкі өндеуіне) келтірілген нұқсанды, КР азаматтық заннамасымен белгіленген тәртіпте Сақтанушының/Сақтандырылғаннның өтеге міндетіне байланысты соғының мүліктік мүддесі табылады.

4.3. Сақтандыру жағдайы болып, сақтандыру Шартымен карастырылған окиғаның туындауы танылады, ол басталған жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті пайда болады.

4.4. **Секция 1.** сақтандыру Шарты бойынша, келесі окигалар, жеке алынған тәуекелдер немесе олардың комбинациялары салдарынан, мүліктің закымдануы, жойылуы немесе ысырап болуы нәтижесіндегі нұқсаны сақтандырылуы мүмкін:

### 1) Өрт, жарылыс.

Аталған окига бойынша сақтандыру жағдайы болып, төмендегілер нәтижесінде мүлікке закымдану немесе жойылу түрінде келтірілген нұқсан табылады:

- а) Өрт, от, тұтін, тотығу, жанғыш өнімдерінің салдарынан заардану немесе ластану, температуралың көтерілуі, газ және ауа қысымының өзгеруі, өртті сөндіруге бағытталған шаралар колдану, соның ішінде, тұтану ошагы сақтандыру аумагына тыс болған жағдайда;
- б) Жарылыс- температуралың көтерілуі, екпінді толқының әсері, немесе заттардың, күрьымдардың, олардың бөлшектері мен фрагменттерінің жарылуы нәтижесінде опырылуы, жарылыстың қауіпті салдарларын жоюға бағытталған шаралар колдануы;

### 2) Сұйықтық әсері

Аталған окига бойынша сақтандыру жағдайы болып, сақтандырылған мүлікке кез келген агрегатты күйіндегі сұйықтықтың әсері нәтижесінде закымдану немесе жойылу түрінде келтірілген нұқсан табылады (сонымен катар, сұйықтықтың агрегатты күйі өзгерген жағдайдағы кенею әсері) келесі себептер бойынша:

- а) сақтандыру аумагында орналасқан жылу, су, канализация жүйелерінің, сондай-ак, оларға тікелей қосылған жабдықтардың апаты;
- б) сақтандыру аумагында орналасқан өртке қарсы жүйелерінің іске қосылуы;
- с) Сақтанушы/Сақтандырылғанға тиесілі емес, көршілес үй-жайлардан аккан сұйықтықтың кіруі.

### 3) Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері, атап айтқанда: бұзып кіріп ұрлау, тонау, қарақшылық.

Аталған окига бойынша сақтандыру жағдайы болып, келесілер нәтижесінде мүлікке закымдану немесе жойылу түрінде келтірілген нұқсан табылады:

- а) бұзып кіріп ұрлау- бөтен мүлікті жасырын ұрлау.
- б) тонау - бөтен мүлікті ашық ұрлау.
- с) қарақшылық – бөтен мүлікті ұрлау максатында, өмірге және денсаулыққа қауіпті зорлықпен шабуыл жасау.

Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері ретінде осы Ережелер шенберінде, Қазақстан Республикасының заннамасымен карастырылған құқықбұзушылық және/немесе қылмыстық белгілеріне сәйкес үекілді органдарымен сараланған, үшінші тұлғалармен жасалған әрекеттері түсініледі.

### 4) Зілзала апаттар, атап айтқанда, тасқын, сумен басу, боран, дауыл, қара құйын, кошкін, опырылу, тастандардың құла, қар басуы, сел, бұршак.

4.5. **Секция 2.** Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру кезінде, сақтандыру жағдайы болып, үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес анықталған зиян келтіру, және сақтандыру Шартымен келісілген сақтандыру аумагындағы мүлікті иелену, пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиянды Сақтанушы/Сақтандырылғаннның өтеге міндетіне апарған дәйегі табылады. Үшінші тұлғалардың

мұлкіне келтірілген зиянды Сақтанушы/Сақтандырылғанның өтеу міндеті, зан қүшіне енген сот шешімімен анықталуға тиіс немесе, Сақтандырушының жазбаша келісіміне сәйкес, Сақтанушы/Сақтандырылғанмен мойындалуы қажет.

## **5. Сақтандыру жағдайының ерекшеліктері және сақтандыруды шектеу**

- 5.1. КР Азаматтық кодексінің (КР АҚ) 839 бабымен қарастырылған негіздерден басқа, Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушыға аткарудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы келесі оқигалар нәтижесінде туындаған болса:
- 5.1.1. соғыс; басып кіру; шетел мемлекетінің дүшпандық әрекеттері; әскери және соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланған/жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
- 5.1.2. бұлік; көтерліс; локаут; халық көтерлісіне айналатын азаматтық тәртіпсіздік; азаматтық толкулар; әскери бұлік; революция; әскери басқындық немесе билікті күшпен алу; тәркілеу, мүлікті иеліктен айыру немесе ұлт меншігіне алу; терроршылдық;
- 5.1.3. радиоактивтік сәулелену немесе радиоактивтік отынымен ластану немесе атом отынын жағу нәтижесінде заардану, ядролық энергия әсері;
- 5.1.4. құрылым немесе оның бөліктерінің құлауы, егер олардың құлауы сақтандыру жағдайына қатыссыз болса;
- 5.1.5. сақтандыру Шартын жасасу сәтінде, Сақтанушыға (Сақтандырылғанға) белгілі болған ақаулары;
- 5.1.6. Біртінді әсерлер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, тозу, дақ басу, коррозия, көгеру, қара күйе, ылғал немесе құрғак шіру, бірте-бірте нашарлау, латенттік ақаулар, тұа біткен ақаулар, баяу дамыған өзерістер немесе бүлінуі, жәндіктердің қалдықтары, кез келген паразит/микробтар, кеміргіштер әрекеттері;
- 5.1.7. Қайта өндіру немесе басқа мақсатта отпен, жылумен немесе термиялық әсермен өңдеу (мысалы, құрғату, пісіру, үтіктеу, сұрлеу, қуыру, металлды өңдеу немесе балқыту үшін және т.б.);
- 5.1.8. событий, если надату заключения договора страхования территория страхования находилась в зоне, объявленной зоной чрезвычайной ситуации и (или) зоной, накоторой действовал режим чрезвычайного положения;
- 5.1.9. Егер сақтандыру жағдайы, сертификацияланбаған немесе контрафакттық жабдықтар, детальдар, механизмдер және т.б. колдану нәтижесінде туындаған болса.;
- 5.1.10. Мұлікті жасау барысында қолданылатын материалдардағы шығарушының катесі бойынша орын алған ақаулары салдарынан келтірілген нұқсан, сонымен катар, зауыттық ақаулар нәтижесінде мұлікке келтірілген нұқсан;
- 5.1.11. Сақтанушы (Сақтандырылғанның) өртқауіпті, улы, жарылғыш және зәрлі материалдарды колдануы және коймалауы;
- 5.1.12. Сақтандырылған жылжымалы мұлікті тиеу, қайта тиеу, түсіру шығындары;
- 5.1.13. сақтандырды коргаумен қамтылған үй-жайына төбеден (су қабылдағыш шұңғымасы төбемен қабаттасқан орнын алғанда), жабылмаган терезе, есіктен, сондай-ақ, Сақтанушы (Сақтандырылғанмен) әдіі немесе оның макұлдауымен жасалған немесе тозу және құрылым ақаулары салдарынан пайда болған тесіктерден, сұйықтықтың (соның ішінде, жаңбыр) қар, бұршақ және лайдың кіруі нәтижесінде сақтандырылған мұлікке келтірілген нұқсан;
- 5.1.14. Сақтанушы (Сақтандырылғанмен) апаттық және тозық су, жылу және канализация жүйелерін пайдалануы, немесе аталған жүйелерін пайдалану мерзімін сақтамауы, сондай-ақ, Сақтанушы (Сақтандырылған) сақтандыру аумағындағы су, жылу және канализация жүйелерін (аталған жүйелердің ішкі ажыратылымы) тиісінше пайдалануды, дер кезінде қызмет көрсету және жөндеуді қамтамасыз етпеуі;
- 5.1.15. Ауа температуrasesы темендеғен, сумен толтырылған жылу беру жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігін қолдайтын жабдықтары болмаган кезеңінде құрылышты пайдалануды тоқтатуы, егер Сақтанушы (Сақтандырылған) жылу беру жүйесінің сүйін шығармаған болса;
- 5.1.16. құрылым-монтаж жұмыстарын жүргізу;
- 5.1.17. электр тоғының әсері, оттың пайда болуы/болуысыз, (мысалы, электржүйедегі қысымының құбылуы, ажыраткышының бұзылуы, соның ішінде, қысқаша тұйықталуы, корпусына немесе жерге тұйықталуы, түйспесінің жеткіліксіздігі, өлшеу, реттеу аспаптарының және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жабдықтардың істен шығуы);

- 5.1.18. Жабдықтарды пайдалану және қызмет көрсету барысында, персоналдың абайсыз жаңылысы;
- 5.1.19. Бу казандарының, ішкі жану қозғалтқыштарының, энергия беретін басқа жабдықтардың жарылуы;
- 5.1.20. Жылу беру жүйелерінің ақаулары салдарынан, үй-жайындағы температуранның төмендеуі/көтерілуі нәтижесіндегі кез келген залалдар;
- 5.1.21. троc және шынжырлардың үзілуі, сактандырылған заттардың құлауы, олардың басқа заттарға соктыгуы;
- 5.1.22. Жабдықтарды жобалау, құрастыру және дайында-монтаждау барысындағы есептерде жаңылысы;
- 5.1.23. Ластану, сулану және/немесе заардану нәтижесінде кетірілген кез келген залалы, мүліктің зақымдануы коршаған ортаны, атап айтқанда, жерді, суды дезинфекциялау салдарлары болып танылады, атап айтқанда, қоршаған ортаға енген топырақ, су және басқақа заттарды жою.
- 5.1.24. Шаң шашырандысы, ездігінен тұтану, ферментациялық процесстер нәтижесінде келтірілген нұқсан;
- 5.1.25. бактериологиялық, грибок, вирус және өзге қауіпті субстанцияларының әсері;
- 5.1.26. Жерасты (топырақ асты) сулары денгейнің көтерілуі және қар еруі;
- 5.1.27. Өрт салу;
- 5.1.28. бомба, мина, снаряд немесе басқа кару-жараптар өндірісі, оларды пайдалану және қоймалау;
- 5.1.29. Сактандырылған мүліктің жәндіктер және кеміргіштермен зақымдануы;
- 5.1.30. Сақтанушы (Сактандырылғаның) Қазақстан Республикасында белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуы;
- 5.1.31. өрт сөндурідің автоматтық спринклерлік жүйелерінің ағуы немесе іске жаңылыс қосылуы нәтижесіндегі кез келген залалдар;
- 5.1.32. бағдарламалау, мәлімет тасымалдаушысын енгізу, таңбалau барысында жіберілген ақаулар, абайсызда, магнит өрісі әсерінен электрондық ақпараттың жойылуы;
- 5.1.33. шығарушы зауытпен арнайы ұсынылмаған және келісілмеген қосымша бөлшектерді, жиынтық және/немесе шығын материалдарын колдану;
- 5.1.34. сактандырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз етпеу, атап айтқанда: мүлікті қараусыз калдыру, егер Өтініште ол қарастырылған болса, бекіту құрылғыларын және/немесе жабдықтарын іске қоспауы, егер ол Өтініште қарастырылған болса, немесе олардың болмауы, Өтініште қарастырылған басқа да қауіпсіздік шараларының болмауы және қолданылмауы;
- 5.1.35. мүлікті мақсатсыз пайдалану, сонымен катар, оны пайдалану нұқсаулығын бұзу, Қазақстан Республикасында белгіленген ережелер мен нормалардың бұзылуы, немесе мүлікті Сақтанушының Өтінішде көрсетілген мақсаттардан тыс пайдалану, және техникалық ақауы бар мүлікті Сақтанушының (Пайда алушының) ол туралы біле тұра немесе білуге тиісті болып, пайдалануы;
- 5.1.36. сактандырылған жылжымалы мүлік орналасқан үй-жайды бұзбай немесе күштеусіз кіріп мүлікті ұрлау, сонымен катар, сактандырылған жылжымалы мүліктің құпиялы (белгісіз) жағдаяттарда жоғалуы;
- 5.1.37. жондеу кезінде, кез келген бакты , құрылғыны немесе су құбырларын ауыстыру барысында;
- 5.1.38. мүлікті сақтандыру жағдайы кезінде немесе аяқталған соң, ұрлау немесе талан-таражға салу ;
- 5.1.39. сактандырылған обьектті тиісті органдармен келісусіз және Сактандырушының үйгарымысыз қайта жоспарлау, қайта құру салдарынан болған нұқсан, егер ол орнықты құрылымдардың босауына апарса;
- 5.1.40. атмосферада табиги туындаған процесстер нәтижесінде, боран, құйын, дауыл қара құйын немесе әуе массасының басқа қозғалысынан болған залалдар бойынша, Сактандырушы сақтандыру төлемдерін тек мына жағдайда жүзеге асырады, егер залал келтірғен желдің жылдамдығы секундада 20 м\с асатын болса. Желдің жылдамдығы тиісті өкілетті органның немесе мекеменің анықтамасымен расталады (РМӘҚазақидрометжәне т.б.).
- 5.1.41. жер сілкініү нәтижесіндегі, кез келген залалдар.
- 5.2. Сактандырушының сақтандыру төлемдерін атқарудан бас тартуына, мыналар да себеп болады:

- 5.2.1. Сақтанушының сақтандыру объекті, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер беруі;

5.2.2. Сақтанушының сақтандыру жағдайының залалдарын азайту шараларын қасақана қолданбауы;

5.2.3. Егер залалдар, Сақтанушының/Пайда алушының және немесе Сақтанушы/Пайда алушымен шарттық қарымқатынастағы тұлғамен, сақтандыру жағдайы басталуына немесе оны туғызуға бағытталған қасақана әрекеттері нәтижесінде туындаған болса, қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайындағы әрекеттерін алмағанда, егер Ережелермен және КР азаматтық заңнамасымен басқасы қарастырылмаған болса;

5.2.4. Егер залалдар, Сақтанушының/Пайда алушының және немесе Сақтанушы/Пайда алушымен шарттық қарымқатынастағы тұлғаның, заң актілерімен белгіленген тәртіпте қасақана қылмыс немесе сақтандыру жағдайымен себептес байланысты әкімшілік құқықбұзушылық деп танылған әрекеттері нәтижесінде туындаса, егер Ережелермен және КР азаматтық заңнамасымен басқасы қарастырылмаған болса.

5.2.5. Нұксан келтірілгеніне кінәлі тұлғадан Сақтанушының мүліктік сақтандыру бойынша тиісті өтемекі алуы;

5.2.6. сақтандыру жағдайы басталған себептерін және соның салдарынан келтірілген залал мөлшерін анықтауға, Сақтанушының Сақтандырушыға кедергі жасауы;

5.2.7. сақтандыру жағдайы басталғаны туралы осы Шартпен белгіленген мерзімде Сақтандырушыға хабарланбауы;

5.2.8. егер Шарт жасасу сәтінде Сақтанушы сақтандыру жағдайы шубесіз басталатыны туралы білген болса немесе білуге тиісті болса;

5.2.9. сақтандыру жағдайы басталғанына кінәлі тұлғаға талап қою құқынан Сақтанушының бас тартуы және талап қою құқының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ететін құжаттарды соңғыға тапсырудан бас тартуы.

5.2.10. Егер, сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиганың алайқтық сипаты анықталса;

5.2.11. Егер оқига, Сақтанушының алкогольдық, уыттық немесе есірткелік халіндегі әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде, сонымен қатар, әрекеттерін ұғынуға және басқаруға қабілетсіз күйінде туындаған болса;

5.3. **Сақтандырушы мыналарға келтірілген нұксан бойынша жауапты емес:**

5.3.1. Колма-кол акша, ағымдағы шоттар, қолхат, шетел валютасы, борыштық міндеттемелер, бағалы қағаздар, чектер, облигациялары бойынша;

5.3.2. Кез келген жөндеу жұмыстары, сынақтар, бабына келтіру, техникалық қызмет көрсету барысында тікелей әсер келтірілген сақтандырылға мүліктің белгілі бойынша.;

5.4. **Өтелмейтіні:**

5.4.1. моральдық зиян, алынбай қалған пайда, тұрақсыздық айыппұлы (айыппұл, өсімпұл, пайыздар), сондай-ақ, тауар түрін жогалтуы;

5.4.2. мүліктің техникалық, профилактикалық және кепілдік қызмет көрсету шығындары;

5.4.3. мүлікті қайта жаңарту және қайта жабдықтауға байланысты жұмыстары, оның жеке бөлшектерін, детальдарын және түйінділерін тозуга, техникалық ақауларға және сақтандыру жағдайына қатыссыз басқа себептерге байланысты, жондеу және ауыстыру жұмыстары;

5.4.4. закымдануы сақтандыру жағдайына қатыссыз мүліктің бөлшектерін, детальдарын ауыстыру немесе жондеу құны;

5.4.5. олардың болмауы аталған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ, болмаган детальдарын агрегаттарының құны;

5.4.6. нормадан асатын тарифтерді, бағалауды және коэффициенттерді қолдануына байланысты шығындары;

5.4.7. сақтандырылған мүліктің құнының ұлғаюына апаратын, өзге де шығындары.

5.5. **Мыналардың салдарынан мүліктің толық жойылуына апарған сақтандыру жағдайы бойынша нұксан өтелмейді:**

5.5.1. Сақтанушының заңнамамен белгіленген өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін және нормаларын, жұмыс жүргізу қауіпсіздігін немесе соған ұқсас нормаларын бұзыу, егер аталған бұзушылықтар Сақтанушы біле тұра жасалған болса;

5.5.2. Сақтанушының техникалық ақауы бар мүлікті пайдалануы.

5.6. **Пәтерлер/коттедждер сақтандырумен қамтылмайды (егер Шартпен/Полиспен/Бағдарламамен басқасы көзделмеген болса):**

- 5.6.1. Занды тұлғаларға тиесілі;
  - 5.6.2. Жалға берілетін;
  - 5.6.3. Апарттық күйіндегі;
  - 5.6.4. Қаңқа-камыс, ағаш үйлердегі;
  - 5.6.5. Максатсыз пайдаланылатындар (тұрғын емес);
  - 5.6.6. 1970 жылынан бұрын салынғандар;
  - 5.6.7. Бұзылатын немесе тұруға болмайтын үй-жайларға қайта құрылатындар;
  - 5.6.8. Жер телімі алынғанына байланысты, иеліктен шығарылғандар;
  - 5.6.9. Міндеттемелер бойынша өндіріп алу жүктелгендер.
- 5.7. Сақтандыру құнды мүлкіке жатқызылған заттарға тарағымдарды: зергерлік бұйымдар, асыл және жартылай асыл тастар мен металлдардан жасалған бұйымдар, асыл металл жалатқан бұйымдар, өнер заттары, мәдени және/немесе шығармашылық-тарихи құндылығы бар затар, көне бұйымдар, ноутбук, планшеттер, ұялы телефоны және рациялар.
- Егер Шарт, жоғарыда аталған заттарға қатысты жасалған болса, онда бұл Шарт жасаскан сәттен заңсыз деп танылады, егер Шарт ережелерімен басқасы қарастырылмаган болса.
- 5.8. Сақтанушының Шарт ережелерін, сонымен катар, КР қолданыстағы заңнамасының ережелерін орындауы, сақтандыру төлемдерін Сақтанушыға жүзеге асырудан бас тартуға апарады. Сақтандырушыны сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босату, бірмезгілде оны Пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатады.

## 6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 6.1. Сақтанушы құқылы:

- 6.1.1. Сақтандыру шарттарын және сақтандыру Ережелерімен белгіленген өзіне қатысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді Сақтандырушыдан талап етуге;
- 6.1.2. сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асыруды талап етуге;
- 6.1.3. Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 6.1.4. Сақтандыру тәуекелін сақтандыру сыйлықақысына мөлшерлес өзгертуге;
- 6.1.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін атқарудан бас тарту шешімін сотта даулауға;
- 6.1.6. Сақтандыру құпиясына;
- 6.1.7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Ережелерге қайшы келмейтін өзге әрекеттерін жүзеге асыруға.

### 6.2. Сақтанушы міндетті:

- 6.2.1. Шарт жасасу кезінде, сақтандыру тәуекелін бағалауға елеулі мәні бар, өзіне белгілі жағдаяттар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6.2.2. Шартта белгіленген сақтандыру объектілеріне қатысты жасалған немесе жасалатын басқа сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6.2.3. Шартты қолдану барысында тәуекелдерде болған барлық елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;
- 6.2.4. сақтандыру сыйлықақысын Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде уақтылы жүзеге асыруға;
- 6.2.5. сақтандыру жағдайына қатысты алдағы барлық акпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға тиісті көмек беруге;
- 6.2.6. Ушинші тұлғалармен дауларды сотқа дейін немесе сот тәртібінде реттеу барысында, Сақтандырушыға (соңғының талабына сәйкес) Сақтанушының өкілеттігін тапсыруға;
- 6.2.7. Жазбаша үйғарым алған сәттен, 7 (жеті) жұмыс күнінен асырмай, Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің толық сомасын қайтаруға, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талап кою мерзімі ішінде, Сақтанушыны және/немесе Пайда алушыны осы Шарттың немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемін толық немесе ішінана алу құқынан айыратын жағдаяттар анықталатын болса;
- 6.2.8. Сақтандырылған мүлкіті тиісті күйінде сақтап қалу үшін, сонымен катар, ықтимал нұксанды болдырмау максатында, барлық ақылға конымды шараларды қолдануға;

6.2.9. Сақтандырушының талабына сәйкес, оның уәкілетті тұлғасына мүлікті байқауга рұқсат беруге және Сақтандырушының уәкілетті тұлғасымен құрастырылған мүлікті байқау актісіне қол қоюға;

6.2.10. Шарт жасасуға Сақтандырылғанның/Пайда алушының келісімін алуға;

6.2.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Шартпен қарастырылған өзге әрекеттерін орындауға.

### 6.3. Сақтандырушы құқылы:

6.3.1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайы басталу ықтималын және болжалды залалдар (сақтандыру тәуекелі) мөлшерін анықтауға елеулі маңызы бар жағдаяттар туралы акпарат алуға, және сақтандыру тәуекелін бағалауға;

6.3.2. сақтандыру сыйлықақысын дер кезінде алуға, соның ішінде, сақтандыру шарты Жазылым бойынша жасалған жағдайда, Сақтанушының картасынан сыйлықақысын ағытып алуға;

6.3.3. сақтандыру жағдайы басталғаны туралы уақтылы хабардар болуға;

6.3.4. сақтандыру жағдайы басталғанын құжаттай расталуына;

6.3.5. сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына апаратын жағдаяттар туралы хабардар Сақтандырушы, сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы;

6.3.6. осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуга және Сақтанушының шарт бойынша өз міндеттерін орындауы нәтижесінде шеккен нұқсанын өндіріп алуға;

6.3.7. осы Шартпен белгіленбеген қосымша құжаттарды Сақтанушыдан сұратуға, егер накты жағдаяттарға байланысты олардың болмауы сақтандыру жағдайы басталу жағдаяттарын және/немесе басталу дәйегін немесе нұқсан мөлшерін анықтауға мүмкіндік бермесе. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы мәселесін қару барысында, Сақтанушымен ұсынылатын құжаттар тізімін қысқартуға құқылы, егер оларды шешім қабылдауға жеткілікті деп тапса;

6.3.8. сақтандыру жағдайы басталғанда, сақтандыру тәуекелін және нұқсан мөлшерін бағалауға;

6.3.9. Шартты колдану алдында, мүлікке байқау жургізуге және акт құрастырып, оған Сақтанушының қолын міндетті турде қойдыруға.

6.3.10. сақтандыру жағдайы басталуына кінәлі тұлғага талап қоюға;

6.3.11. Шарт ережелерін орындауды Сақтанушыдан талап етуге;

6.3.12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа қайшы келмейтін өзге әрекеттерін жүзеге асыруға.

### 6.4. Сақтандырушы міндетті:

6.4.1. Сақтанушыны Сақтандырушының [www.ffins.kz](http://www.ffins.kz) интернет-ресурсында орналастырылған Ережелермен таныстыруға және Сақтанушының талабына сәйкес Ережелердің көшірмесін оған жолдауға;

6.4.2. сақтандыру жағдайы басталғаны туралы ұйғарымын уақтылы қабыдауға;

6.4.3. сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселесін қаруаға;

6.4.4. басталған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған болса, сақтандыру төлемін осы Шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімде жүзеге асыруға;

6.4.5. Сақтанушының сақтандыру жағдайының нұқсанын азайту бойынша шеккен шығындарын соңғыға өтеуге. Аталған шығындар накты мөлшерде өтеледі, бірақ, сақтандыру төлемінің жалпы сомасы мен шығындардың өтемакысы, Шартпен көзделген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.

6.4.6. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

6.4.7. Сақтанушы (сақтандырылған) немесе жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарын толық ұсынбаган жағдайда, жетіспейтін құжаттар туралы оларға аталған дәйек анықталған сәттен үш жұмыс күні ішінде хабарлауға. Сақтандыру шартымен үйгарудың басқа мерзімі белгіленуі мүмкін.

6.4.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа әрекеттерін орындауға.

### 6.5. Пайда алушы құқылы:

6.5.1. Сақтандыру шарттарын және сақтандыру Ережелерімен белгіленген өзіне қатысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді Сақтандырушыдан талап етуге;

6.5.2. сақтандыру төлемін жүзеге асыруды Сақтандырушыдан талап етуге;

- 6.5.3. сақтандыру төлемін Шартпен белгіленген тәртіпте және ережелерге сәйкес алуға;  
 6.5.4. Сақтанушының пайдасына, сақтандыру төлемін толық немесе ішінәра алудан бас тартуға;  
 6.5.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін атқарудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту шешімін сotta даулауга;  
 6.5.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына кайши келмейтін өзге әрекеттерін жүзеге асыруға.

#### **6.6. Пайда алушы міндепті**

Жазбаша үйғарым алған сәттен, 7 (жеті) жұмыс күнінен асырмай, Сақтандырушыга сақтандыру төлемінің толық сомасын қайтаруга, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасымен белгіленген талап қою мерзімі ішінде, Пайда алушыны осы Шарттың немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасының ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемін толық немесе ішінәра алу құқынан айыратын жағдаяттар анықталатын болса.

### **7. Сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға басталғанда, Тараптардың әрекеттері**

- 7.1. Сақтандыру жағдайы басталғанда, Сақтанушы/Пайда алушы міндепті:  
 7.1.1. Ықтимал залалдардың алдын алу немесе азайту үшін, қалыптасқан жағдайда ақылға конымды және қолжетімді барлық шарапарды қолдануға;  
 7.1.2. Жедел, сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға басталғаны туралы оған белгілі болған немесе белгілі болуына тиісті сәттен, 24 (жиырма төрт) сағат ішінде, қарауы солардың құзырына жататын мемлекеттік өкілдегі органдарға сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға басталғаны туралы хабарлауға;  
 7.1.3. сақтандыру жағдайы басталғаны туралы жазбаша немесе электронды үлгіде, оқиға бойынша толық мәліметтері бар хабарламаны Сақтандырушыға үш жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізуғе;  
 7.1.4. закымданған мүлікті Сақтандырушыға (оның талабына сәйкес) және тәуелсіз бағалау үйімінше (Сақтандырушымен жолданған болса) байқауға мүмкіндік беруге. Сонымен қатар, закымданған мүлікті Сақтанушы/Сақтандырылған Жеке кабинетте модульдық суретке түсіру әдісімен байқауы мүмкін, егер байқау жүргізі үшін, Сақтандырушының техникалық мүмкіншілігі және қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету мүмкіндігі бар болса;
- 7.1.5. сақтандыру жағдайы басталуына байланысты және осы Ережелермен белгіленген барлық қажетті құжаттарды Сақтандыру компаниясына тапсыруға.  
 7.1.6. сақтандыру жағдайына қатысты қойылатын барлық талаптар туралы, жедел Сақтандырушыға хабарлауға.

### **8. Сақтандыру жағдайы басталғанын және нұқсан мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі**

- 8.1.Сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға басталғанын, келтірілген нұқсан мөлшерін дәлелдеу мақсатында, Сақтанушы/Пайда алушы сақтандыру төлемін алу үшін, өз есебінен жинақтап Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады (қағаз тасымалдаушыда немесе электронды/сканерлі көшірмелер түрінде):  
 8.1.1. **Секции -1:**  
 а) Сақтандыру жағдайы басталғаны туралы үйғарымы;  
 б) сақтандырылған мүлікті иелену, пайдалану және/немесе басқару құқын растайтын құжаттары (сатып алу-сату, жалға алу шарты немесе мүлікті иелену, пайдалану және/немесе басқару құқын дәлелдейтін басқа құжаттары);  
 с) Сақтанушы/Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаты;  
 д) Барлық дәйектері, толық ақпараты, дәлелдейтін құжаттары, сертификаттары және басқа мәліметтері бар құжаттары, атап айтқанда:  
 - Шарт/Бас шарт (көшірмесін) (электронды үлгіде жасалған Шарттарға тараlmайды);  
 - сақтандыру жағдайы басталған дәйегін, себебін және келтірілген залал мөлшерін растайтын, құзырылы органдардың құжаттары;

• **Өрт, газ жарылысы кезінде** – өртке қарсы қызметімен берілген өрт туралы акті, тұтану сипаты, басталу себебі және салдарлары көрсетілген, құзырлы органдарының өрт бойынша құжаттары.

• **Сүмен және басқа сұйықтықтармен зақымданған жағдайда** – су, канализация, жылу беру және басқа жүйелеріне қызмет көрсететін немесе солардың балансындағы ұйымның комиссиялық акті. Акт арқылы, **сүмен және басқа сұйықтықтармен зақымданғаны** расталады және, зақымдану себебі мен нұқсан көлемі көрсетіледі, сонымен қатар, нұқсан келтірілгеніне болжалды кінәлі тұлғалардың тізімі беріледі. Акт тиісінше ресімделуі қажет.

• **Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері кезінде** – аталған оқигалар нәтижесінде мүлікке келтірілген нұқсан дәйегіне қатысты құжаттары, келтірілген нұқсан сипаты, нұқсан мөлшерінің құндық залалы көрсетілуі тиіс.

• **Зілзала апат кезінде** – сақтандыру аумағында болған зілзала апарты дәйегін растайтын, гидрометеорология (сейсмология) қызметінің анықтамасы. Анықтама тиісінше ресімделуі қажет.

е) Келтірілген залал мөлшерін дәлелдейтін құжаттары :

- 1) Сақтандышы/Сақтандырылған/Пайда алушымен құрастырылған, ысырап болған және/немесе зақымданған мүліктің зақымдану дәрежесі көрсетілген, тізбесі;
- 2) товарные накладные и чеки, акты сдачи-приема работ, калькуляции, сметы на ремонтно-восстановительные работы;
- 3) тәуелсіз бағалаушының корытындысы;
- 4) келтірілген нұқсан мөлшерін дәлелдейтін басқа құжаттары.

#### 8.1.2. Секции – 2:

а) Сақтандыру жағдайы басталғаны туралы ұйғарымы;

б) Барлық дәйектері, толық ақпараты, дәлелдейтін құжаттары, сертификаттары және басқа мәліметтері бар құжаттары, атап айтқанда:

- Шарт/Бас шарт (көшірмесін) (электронды үлгіде жасалған Шарттарға тарапмайды);
- сақтандыру жағдайы басталған дәйегін, себебін және келтірілген залал мөлшерін растайтын, құзырлы органдардың құжаттары;
- мүлікке қатысты құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмесі;
- Сақтандышы/Пайда алушымың жеке басын куәландыратын құжаты;
- қалпына келтіру жөндеу құнын анықтау бойынша тәуелсіз сарапшының құрастырған акті;
- Жәбірленушінің зиянды өтеу туралы талабы немесе келтірілген нұқсанды және оның мөлшерін растайтын құжаттары тіркелген талап арызының көшірмесі, Сақтандышымен/Сақтандырылғанмен келтірілген зиянды өтеу туралы, зан қүшіне енген сот шешімі..

8.1.3. Осы Белімнің 8.1.1. тармақшасымен белгіленген құжаттарға қосынша ұсынылады:

- 1) Сақтандыру обьектіне қатысты басқа сақтандырумен қамту мәліметтері;
- 2) Егер сақтандыру жағдайы тиісті мемлекеттік органдарымен қаралатын болса –аталған органдардың корытындысы (сот шешімі, қаулысы, үкімі, алдын-ала тергеу органдарының қаулысы, қылмыстық іс-өндірісін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы қаулысы және т.б.);
- 3) Сақтандышының залалдын алдын алу немесе азайту мақсатында шеккен шығындарын растайтын құжаттары;
- 4) сақтандыру жағдайы басталғанына жауапты тұлғага талап қою құқын Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ететін қажетті құжаттары.

## 9. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

9.1. Сақтандыру шарты белгілі үлгіде құрастырылған Сақтандышының өтініш-сауалнамасы негізінде, Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалады немесе, Сақтандырушының/Серіктестің интернет-ресурсында тиісті үлгісі толтырылады, онда Сақтандышымен сақтандыру обьекті туралы толық мәліметтерді және өтініш-сауалнамасының бланкі мен банк деректемелеріне немесе электронды үлгісіне сәйкес басқа қажетті ақпараты көрсетіледі. Сақтандырудың өтініш-сауалнамасы сақтандыру шартының ажырамас белгі болып табылады.

9.2. Сақтандыру шарты жазбаша үлгіде келесі жолмен жасалады:

1. Тарптармен сақтандыру шартын/Бас сақтандыру шартын құрастыру;

2. Сақтанушының осы Ережелерге қосылуы және Сақтанушыға сақтандыру Полисінің Сақтандырушымен тапсырылуы.

Сақтандыру шарты және сақтандыру Полисінің нысандары Сақтандырушының ішкі құжаттарымен бекітіледі.

9.3.Шарт/сақтандыру Полисі Сақтанушымен электронды үлгіде келесі жолмен жасалуы мүмкін:

1. Сақтанушының осы сақтандыру Ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде шартты ресімдеуі;

2. Сақтанушының осы сақтандыру Ережелеріне қосылуы және Шартты Сақтандырушының/Серіктестің интернет-ресурсында ресімдеуі;

3. Шартқа екіжақты қол қою уәкілеттігі бар тұлғаның қол қоюын, электрондық цифрлік қол қою арқылы куәландыру.

9.4.Егер, Сақтандыру шарты жасалған соң, мұліктің ахуалы туралы Сақтанушының көрінеу жалған мәліметтер бергені айқандалатын болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын зансыз деп тануды және КР заннамасына сәйкес салдарлық шарапарын қолдануды талап етуге, сонымен қатар, сақтандыру төлемдерін атқарудан бас тартуға құқылы.

9.5.Сақтандырушы сақтандыру шартын зансыз деп тануды талап етуге құқысыз, егер Сақтанушы жасырған жағдаяттары жоққа шықса.

9.6.Жазбаша түрде жасалған Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оның дубликатын тапсырады.

9.7.Сақтандыру шартын жасасу барысында, мұлікті байқау талап етілмейді, егер Шартпен басқасы қарастырылмаған болса.

9.8.Сақтандыру шартын жасасу алдында, Сақтанушыны/Сақтандырылғанды/Пайда алушыны сәйкестендіру үшін қажетті құжаттарын, КР заннамасының және Сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, Сақтанушы ұсынуға міндетті.

9.9.сақтандыру Шартын электронды үлгіде жасасу барысында, Сақтанушыны ЕСБД-мен верификациясы болмауы жағдайында, Сақтанушы Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсында КР заннамасына және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес,Сақтанушыны, Сақтандырылғанды, Пайда алушыны сәйкестіндіретін құжаттарын енгізуге міндетті.

9.10.сақтандыру Шарты, егер онымен басқасы қарастырылмаса, Сақтандырушының банктік есеп шотына немесе кассасына сақтандыру сыйлықақысы түскен күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Шартпен, сақтандыруды қорғау мерзімін кейінгі калдыру түрінде, тәуекелдің бірі бойынша уақытша франшиза қарастырылуы мүмкін.

9.11.сақтандыру Шарты Сақтандырушының/Серіктестің интернет-ресурсын қолдану бойынша жасасқан болса, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын осы Ережелермен танысқан соң төлейді, сол арқылы осы қосылу шартын оған ұсынылған ережелерге сәйкес жасауға келісетінін куәландырады.

9.12.Сақтанушының осы Ережелердің және сақтандыру Шартының талаптарымен танысқан дәйегі, Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсында электронды үлгіде Сақтанушымен арнайы ту жапсыру түрінде расталуы мүмкін, соның ішінде, сақтандыру төлемдерін электронды нысандар алу үшін қажетті Сақтанушы, Сақтандырылған, Пайда алушының дербес мәліметтерін жинау және өндеуге келісім алуды қосқанда.

9.13.сақтандыру Шартын электронды үлгіде ресімдеген жағдайда, Сақтанушымен берілген электрондық поштаниң мекен-жайына Шарт жасалғаны туралы электронды хабарлама түрінде үйгарым жолданады. Немесе, мәтіндік қысқаша хабарламалар сервисі арқылы, Сақтанушымен берілген абоненттік нөміріне бір мәртелең хабарлама (бұдан былай- SMS хабарлама) жолданады, бұл жағдайда, Сақтанушының Жеке кабинетінде, жасалған Шарт туралы ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында, [www.ffins.kz](http://www.ffins.kz) мекен-жайы бойынша «Полисті тексеру» белімінде, немесе Жеке кабинетте тексеруге Сақтанушының мүмкіншілігі бар.

9.14. сақтандыру Шартын Жазылым бойынша жасасу барысында, Сақтанушы бірінші кезең (сақтандыру мерзімі) бойынша төлем аткарған сәттен сервиске қосылады және келесі кезеңге автоматты түрде ұзартылады. Жазылым төлемі, эр кезең бойынша Сақтанушымен сервис ресімделген кезде белгілеген банктік картасынан (бұдан былай-Карта) ағытылады Жазылым бойынша төлем алынғаны туралы ақпарат, сақтандыру мерзімі аяқталу алдында, бірнеше күн бұрын SMS арқылы Сақтанушыға хабарланады.

9.15. Қаражат жеткіліксіз/болмаған немесе Карта жабылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру мерзімі аяқталғаннан кейін бірнеше күн ішінде SMS арқылы Сақтанушыға үйгарауды, сервисті көзекті кезеңге ұзарту үшін. Төлем ағыту мүмкінсіз болған жағдайда, Сақтандырушы сервисті колдануды тоқтата тұруға құқылы, бұл жағдайда, сақтандыруды қорғау сервисті қолдану кезеңіндегі төленбеген уақытка таралмайды.

#### **10. Сақтандыру Шартын қолдану мерзімі және аясы (аумағы)**

- 10.1. Сақтандыру шарты 12 (он екі) айға жасалады, егер сақтандыру Шартында басқасы қарастырылмаған болса, Жазылым бойынша сақтандыруды коспағанда.
- 10.2. Жазылым бойынша сақтандыру Шарты 1 (бір) айға немесе басқа мерзімге жасалады, және төлем жасалған жағдайда, автоматты түрде айсайын ұзартылып отырады, егер сақтандыру Шартында басқасы қарастырылмаған болса.
- 10.3. Сақтандыруды қорғау мерзімі, сақтандыру Шартын қолдану мерзіміне тұра, егер сақтандыру Шартында басқасы қарастырылмаған болса.
- 10.4. сақтандыру Шартын қолдану аясы (сақтандыру аумағы) сақтандыру Шартында белгіленген аумакқа таралады. Егер сақтандырылған мүлік сақтандыру аумағынан шығарылатын болса, сақтандыруды қорғау тоқтатылады, егер Шартында басқасы қарастырылмаған болса.

#### **11. Сақтандыру төлемі және оны жүзеге асыру тәртібі**

- 11.1.Сақтандыру төлемі осы Ережелердің 8 Бөлімінде белгіленген құжаттар Сақтанушымен (Сақтандырылған, Пайда алушымен) тапсырылуы негізінде жүзеге асырылады.
- 11.2.Сақтандыру төлемін алу үшін қажетті құжаттары Сақтанушымен келесі түрде ұсынылуы мүмкін:
  - электрондық құжаттар үлгісінде сайт, Жеке кабинет немесе Сақтандырушының ұялы қосымшасы арқылы;
  - қағаз тасымалдаушыда.

#### **11.3. Секция – 1:**

- 11.3.1. Мүлік бойынша сақтандыру төлемінің сомасы нақты нұқсан мөлшерінде, шартсыз франшизасының сомасы шегеріліп есептеледі, бірақ, Шартпен белгіленген сақтандыру сомасынан асырмай.
- 11.3.2. Жөндеу-қалпына келтіру шығындары жөндеу материалдарының құнын, жөндеу жұмыстарына төлеу құнын және сақтандырылған мүлікті/өндөу жұмыстарын сақтандыру жағдайы басталу алдындағы күйіне келтіруге жұмсалған басқа шығындарын құрайды. Егер, Сақтандырылған мүлікке каяіп төндірмей жөндеу мүмкіндігіне қарамастан, закымданған бөлшектері ауыстырылатын жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) аталған бөлшектерін жөндеу құнын етейді, бірақ, оларды ауыстыру құнынан асырмай.
- 11.3.3. Жөндеу-қалпына келтіру шығындары тәуелсіз сарапшы (бағалаушының) қорытындысы негізінде анықталады. Калькуляция жасау кезінде, сақтандыру жағдайы басталу сәтінде бөлшектерге және жөндеу жұмыстары бойынша қолданыстағы орташа нарықтық бағалары қолданады.
- 11.3.4. Жылжымалы мүлік закымданған жағдайда, сақтандыру төлемінің сомасы, мүлікті жөндеу шығындары мөлшерінде жүзеге асырылады, немесе сақтандырылған мүлікті сақтандыру жағдайы басталу алдындағы күйіне келтіру үшін, оның ысырап болған белгіне қатысты жұмсалған шығындары құнында.
- 11.3.5. Шарт шенберінде, сақтандыру төлемін үйлесімді есептеу ережесі қолданылмайды (атап айтқанда, сақтандыру төлемін мүліктің нақты құнына қатысты сақтандыру сомасына барабар есептеу).
- 11.3.6. Төленуге тиесілі сақтандыру төлемінің мөлшерінен Сақтандырушы Сақтанушының үшінші тұлғалардан өтемекі түрінде алған барлық сомаларын ұстап қалады;
- 11.3.7. сақтандыру төлемінің мөлшері Шартпен белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асуы мүмкін емес.
- 11.3.8. Аталған секция бойынша, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдан, оны атқаруға міндетті немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті, және бас тарту себебі жазбаша уәжделген үйгарымын Сақтанушыға/Пайда алушыға, барлық қажетті құжаттардың соңғысын алған күнінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдауға тиісті.

11.3.9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырган соң, жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне және франшизасына азайтылған жауапкершілігін сақтандыру сомасы шегінде көтеруді жалғастырады, егер сақтандыру Шартымен басқасы көзделмеген болса.

#### 11.4. Секция – 2:

11.4.1. Сақтандыру төлемі нақты нұқсан мөлшерінде, шартсыз франшизасының сомасы шегеріліп есептеледі, бірақ, Шартпен белгіленген сақтандыру сомасынан асырмай.

11.4.2. Жәбірленушіге келтірілген нұқсан мөлшері, Сақтанушының жәбірленушіге келтірген зиянын өтеу туралы заң күшіне енген сот шешімі негізінде анықталады.

11.4.3. Сақтандыру төлемі, сақтандыру жағдайы нәтижесінде зиян келтірілген тұлғаның пайдасына жүзеге асырылады.

11.4.4. Егер жазбаша келісу бойынша, және сотпен белгіленген және Сақтандырушымен келісілген мөлшерде Сақтанушы/Сақтандырылған келтірілген зиянды өзі өтеген жағдайда, онда сақтандыру төлемі Сақтанушы/Сақтандырылғанға, Пайда алушының Сақтанушыға және Сақтандырушыға кінәрат қоюдан бас тарту үйғарымы тиісінше ресімделген түрде ұсынылған болса, және сақтандыру жағдайы басталуы мен залал мөлшерін растайтын, сақтандыру Ережелерімен белгіленген құжаттары тапсырылғанда жүзеге асырылады.

11.4.5. Егер зиян бірнеше үшінші тұлғаларға келтірілген болса, және нұқсанның жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асатын болса, әрбір үшінші тұлғага сақтандыру төлемі, оған келтірілген нұқсан мөлшеріне үйлесімді барлық Пайда алушыларға келтірілген нұқсанның жалпы мөлшеріне барабар жүзеге асырылады.

11.4.6. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім кабылдау немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту негізі ретінде, Шарттың 8 Белімінде көрсетілген құжаттар Сақтанушымен/Жәбірленушімен ұсынылғаны табылады.

11.4.7. үшінші тұлғалардың мүлкіне нұқсан келтірілген жағдайда, сақтандыру Шартының ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемінің сомасы шегінде нұқсанды заттай өтеуге ауыстырылуы мүмкін.

11.4.8. Сақтандырушы кез келген тәуекел бойынша сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырган жағдайда, қалған тәуекелдер бойынша жауапкершілігін сақтандыру сомасы шегінде көтеруді жалғастырады.

## 12. Сақтандыру шартын өзгерту және тоқтату ережелері

12.1. Осы Ережелердің (сақтандыру шартының үлгісі) 9 Белімінің 9.2.т. 1 тармақшасына сәйкес жасалған сақтандыру шартына өзгертулері мен толықтырулары, сақтандыру шартына қосымша келісім құрастыру және оған қол қою жолымен енгізіледі, бұл жағдайда сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу/қайтаруды есептеу барабарлық негізінде, шартпен белгіленген сыйлықақысына қатысты құндер бойынша жасалады.

12.2. Осы Ережелердің (сақтандыру полисінің үлгісі) 9 Белімінің 9.2., 9.3.т. 2 тармақшасына сәйкес жасалған сақтандыру шартына өзгертулері мен толықтырулары, Полисті бұзу және жаңа асасын жасасу жолымен ресімделеді.

12.3. Осы Ережелердің (электрондық үлгісі) 9 Белімінің 9.3.т. сәйкес жасалған сақтандыру шартына өзгертулері мен толықтырулары Жеке кабинет арқылы, сақтандыру шартына қосымша келісім құрастыру жолымен ресімделеді, бұл жағдайда, сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу/қайтаруды есептеу барабарлық негізінде, шартпен белгіленген сыйлықақысына қатысты құндер бойынша жасалады.

#### 12.4. Сақтандыру шартын/Полисті қолдану келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартын/Полисті қолдану мерзімінің аяқталуы;
- 2) Сақтандыру шартын/Полисті қолдануды мерзімінен бұрын тоқтату;
- 3) Сақтандыру шарты/сақтандыру Полисінің ережелерімен белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде, сақтандыру төлемінің Сақтандырушымен жүзеге асырылуы;
- 4) Сақтандыру шартын заңсыз деп тану туралы сот шешімінің күшіне енуі;
- 5) КР заң актілерімен қарастырылған тәртіпте Сақтандырушымен берілген сақтандыру Полисіне енгізілген ережелері мен мәліметтерінің өзгеруі;

12.5. Шарт/Полис Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабына сәйкес, сонымен қатар, Тараптардың келісіүі бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

12.6. Шарт/Полисті мерзімінен бұрын бұзу иниеті туралы Тараптар бір-біріне, бұзуы болжанған датасынан кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн алдын-ала үйғаруға міндетті.

12.7. Сақтандыру сыйлықақысын мәүлдті төлеу барысында, кезекті сақтандыру жарнасы уақтылы төленбекен жағдайда, Шарт/Полис бойынша сақтандыруды корғау, кезекті сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі өткен күнінен кейінгі күннен бастап тоқтатылады, және аталған кезеңде басталған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін атқарудан бас тартуға құқылы. Сақтандыруды корғау, кезекті сақтандыру жарнасы төленген сәттен, сақтандыру Шартымен /Полиспен белгіленген тәртіpte жаңғыртылады.

12.8. Полис мерзімінен бұрын тоқтатылғанда, және жаңа Полис бұрынғы Сақтандырушымен жасалған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының бөлігін келесі формула бойынша есептеп, ұстап қалуга құқылы:

$$\text{ЧСП} = \text{СП} * \frac{n}{N}, \text{ бұнда:}$$

ЧСП - Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тengede);

СП – төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (tengede);

n – Шарт/Полис күшіне енген сәттен, оны мерзімінен бұрын тоқтату сәтіне дейін өткен мерзімі (күндері), жүргіну күнін қосқанда;

N - Полис жасасу мерзімі (күндері).

12.9. Осы Шарт/Полис, Сақтанушының талабы бойынша, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841б. 1т. қарастырылған негіздерге сәйкес мерзімінен бұрын бұзылатын жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының сомасынан 25% құрайтын шеккен шығындарын, сонымен қатар, Шарт/Полис бойынша аталған сақтандыру объектіне қатысты жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегеріп, сақтандыру Шартын/Полисін колдану мерзімі өтпеген кезеңі бойынша, төленген сақтандыру сыйлықақысын келесі формула бойынша есептеп қайтарады:

$$C = P - ((P / Cr) * K) - (P * 25\%) - B, \text{ бұнда:}$$

C – қайтарылатын сақтандыру сыйлықақысы;

P – Шарт/Полиске сәйкес белгіленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;

Cr – сақтандыру мерзімі (күндері);

K – пайдаланған күндері;

B – атқарылған/атқаруға тиесілі төлемдер мөлшері;

25% - іс жүргізу шығындары.

Шарт мерзімінен бұрын бұзу барысында іс жүргізу бойынша шығындарды ұстап қалуга Сақтандырушы құқылы.

12.10. Егер Сақтанушының талаптары, Шарт/Полистің ережелері Сақтандырушымен орындалмаған немесе тиесінше орындалмағанына байланысты болса, Сақтандырушы Сақтанушымен аталған Шарт/Полис бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысын соңғыға толық қайтарады.

12.11. Шарт/Полис Сақтандырушының талабына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылғанда, соңғысы Сақтанушыға колдану мерзімі өтпеген кезеңі бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысын, жалпы сақтандыру сыйлықақысының сомасынан 25% құрайтын шеккен шығындарын, сонымен қатар, аталған сақтандыру объектіне қатысты жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегеріп, қайтарады.

12.12. Осы Шарт/Полис, Сақтанушының талабы бойынша, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841б. 2т. қарастырылған негіздерге сәйкес мерзімінен бұрын бұзылатын жағдайда, егер ол Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841б. 1т. қарастырылған жағдаяттарға, сонымен қатар, осы Ережелердің 12.13т. қатыссыз болса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе оның бөлігі, қайтарылуға жатпайды.

12.13. Сақтанушы-жеке тұлға сақтандыру Шартынан бас тартатын болса, Сақтандырушы Шарт жасақан датасынан он төрт күнтізбелік күні шінде, алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін шегеріп, Сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру Шартын бұзуга байланысты шеккен шығындарын алынған сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналарынан) 10% мөлшерінде шегеріп, және сақтандыру объектіне қатысты жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегеріп қайтарады.

### 13. Қоссақтандыру

13.1. Қоссақтандыру – бір объектті, бірнеше сақтандырушылармен әр қайсысымен жеке шарт жасасу арқылы сақтандыру.

13.2. Қоссақтандыру барысында Сақтандырушы, жасалған сақтандыру Шарты шегінде Сақтанушы (Пайда алушы) алдында мүліктік жауакершілігін көтереді, бірақ, Пайда алушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты келтірілген нұқсаннан асуы мүмкін емес

13.3. Қоссақтандыру барысында, Сақтанушы сақтандыру жағдайы аяқталған соң, басқа компанияларда сақтандыру төлемдері бойынша мәселелерді реттеуге қатысты барлық ақпаратты Сақтандырушыға тапсыруға міндettі, сонын ішінде, өзге сақтандыру компаниялардан алғынган сақтандыру төлемдерінін мөлшері туралы мәліметтерін.

13.4. Қоссақтандыру барысында, Сақтандырушы басқа компаниялармен бірлесіп, сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиғаның себептері мен жағдаяттарын анықтауға, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал мөлшерін белгілеуге құқылы.

#### **14. Сақтандыру шартын қолдану барысында сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдарлары**

14.1. Сақтандыру шартын қолдану кезеңінде, Сақтанушы/Сақтандырылған өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу барысында Сақтандырушыға хабарланған мәліметтердегі маңызды өзгерістері туралы жазбаша түрде жедел соңғыға үйгаруға міндettі, егер аталған өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер ететін болса.

14.2. Маңызды өзгерістер деп танылатыны:

- 1) сақтандыру объектінің сипаттамасының өзгеруі страхования;
- 2) мүлікке қатысты менишік құқының басқа тұлғага ауысуы;
- 3) мүлікті мүліктік жалға (жалдауға), лизингке, пайдалануға, кепілге және басқа ауыртпалыққа тапсыру;
- 4) Отініште көрсетілген мүлікті пайдалану мақсаттарының өзгеруі;
- 5) қоссақтандыру;
- 6) сақтандыру Шартын жасасу барысында, Сақтанушының Отініште көрсетілген мәліметтердің өзгеруі.

14.3. сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына апаратын жағдаяттар туралы хабардар Сақтандырушы, сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

14.4. Егер Сақтанушы/Сақтандырылған сақтандыру шартының ережелерін өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге карсы болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес, мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл жағдайда, сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі сақтандыру шартымен белгіленеді.

14.5. Сақтанушы немесе Сақтандырылған осы бөлімнің 14.1.т. қарстрылған міндettін орындаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және шарт бұзылуына байланысты келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

14.6. Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқысыз, егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына апаратын жағдаяттар жоққа шықса.

#### **15. Суброгация**

15.1. Келтірілген нұқсанға жауапты тұлғага Сақтанушының талап қою құқы, сақтандыру төлемін аткарған Сақтандырушыға төлеген сомасы шегінде ауысады. Сақтанушы, нұқсанды өтеу талап құқын жүзеге асыру үшін қажетті барлық колда бар құжаттарын Сақтандырушыға тапсыруға міндettі.

15.2. Егер Сақтанушы, Сақтандырушымен өтелген залалдарға жауапты тұлғага талап қою құқынан бас тартса, немесе аталған құқықты пайдалану Сақтанушының кінәсі бойынша мүмкін емес болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады, және артық төлеген сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

#### **16. Форс мажор**

16.1.Форс-мажор – төтенше жағдаяттар, олар басталғанда, Сақтандырушы сақтандыру шарттары бойынша міндettемелерін аткарудан босатылады, егер оларды орындау сақтандыру шартын жасасудан кейін, күтпеген және қарсыласа алмайтын төтенше сипаты бар оқиғалар нәтижесінде туындаған енсерілмес күштерінің салдары болып табылса.

16.2. Форс-мажорлық жағдаяттарға кіретіні, бірақ онымен шектелмейтіндері: тасқын су, өрт, жер сілкінуі және басқа зілзала апартары, соғыс немесе өзге соғыс кимылдары, оқшаулау, мемлекеттік органдарымен тыйым салу.

## 17. Өзге шарттары

17.1. Осы Ережелермен тікелей реттелмен құқықтық қарымқатынастарға КР қолданыстағы заңнамасының нормалары, сонымен қатар, сактандыру Шартымен/Полиспен белгіленген ережелері қолданады.

17.2. Осы Шартты қолдану барысында туындастын барлық даулар мен қайшылықтар Тараптармен өзара келісу жолымен шешіледі. Келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта шешімін табады.

17.3. Сактанушы Сактандырушының мүддесіне қарсы келетін әрекеттер жасамауга, сондай-ак, қандай болмасын міндеңтегерді өзіне жүктемеуге, қандай болмасын ұсыныстар қабылдамауга, Сактандырушының жазбаша рұқсатысыз, осы сактандыру шартына қатысты төлемдер атқармауга немесе атқаруға уағдаласпауга.

17.4. Сактандыру Шартын/Полис жасасу барысында Тараптар осы Ережелердің жеке талаптарын өзгертуге (шектеуге) және/немесе сактандыру Шартына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелермен толықтыруы мүмкін.

Пронумеровано и проштамповано  
на 18 листах  
и скреплено печатью

